

## Ордабасы ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 43/9 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 3254 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 7/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 03.10.2023 № 7/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 28.06.2022 № 25/11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 39-3 бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ордабасы ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше және көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы

3.Маханова  
Б.Садвахасов  
Ордабасы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 30 маусымдағы  
№ 43/9 шешімімен бекітілген

**Ордабасы ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 28.06.2022 № 25/11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## I-тарау Жалпы ережелер

1. Осы Ордабасы ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары (бұдан – әрі Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## II-тарау Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін саны уш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін қүнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, шағын ауданының, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатуралары осы қағиданың III тарауында көрсетілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі.  
Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

### **III-тaraу Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

13. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны төмендегідей айқындалады:

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны:

халық саны 2000 адамға дейінгі елді мекенде 2 өкілге дейін;

халық саны 2000 мен 4000 адам аралығындағы елді мекенде 4 өкілге дейін;

халық саны 4000 адамнан жоғары елді мекенде 6 өкілге дейін.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны:

құрамына 2-3 ауыл енетін ауылдық округтерде 7 өкілге дейін;  
құрамына 4-6 ауыл енетін ауылдық округтерде 9 өкілге дейін;  
құрамына 7 және одан көп ауыл енетін ауылдық округтерде 15 өкілге дейін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК